

**Астана қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектеп» КММ
педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Күні: 02 қыркүйек 2025 жыл
Өтетін орны: «№29 орта мектеп» КММ

Күн тәртібі:

1. Кеңес құрамын қарау және өзгерту, Кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
3. Педагогикалық этиканың негізгі ережелеріне шолу жасау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша Кеңес төрайымы А.Ж. Зайдилдинова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің ережесімен және Кеңес төрағасын, мүшелерін және хатшысын сайлау ережесімен таныстырды.
 2. Екінші мәселе бойынша Кеңес төрайымы А.Ж. Зайдилдинова сөз сөйлеп, Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарап, бекітуді ұсынды.
 3. Үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы А.Ж. Зайдилдинова, сөз сөйлеп, «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығының 7-тармағының 9-тармақшасына және 13-тармақшасына сәйкес:
 - ұстаздар жұмыс және жұмыстан тыс уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдап, өзінің жеке мінез-құлқы арқылы адалдық, бейтараптық, әділдік үлгісін көрсету;
 - мұғалім мәртебесін өзі үшін немесе басқа да жеке пайда үшін пайдаланудан аулақ болу.
- 8-тармақтың 3-тармақшасына сәйкес:
- оқу процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық немесе өзге де бопсалауға жол бермеу және әріптестерінің мұндай әрекеттерін болдырмауға күш салу.

Шешімі:

1. Кеңес құрамына өзгерістер енгізілсін. Мектепішілік тиісті бұйрық шығару. Кеңес төрайымы қызметін орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Зайдилдинова Айсұлу Жұмашқызы атқарады. Кеңес хатшысы қызметін орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахимберлина А.А. атқарады.
2. Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітіп, жоспарды мектептің ресми сайтында орналастыру.
3. Педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін қатаң сақтауға, сыбайлас жемқорлыққа, өз мәртебесін пайдакүнемдік немесе өзге мақсаттарға пайдалануға жол бермеу, оқу процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық немесе өзге де бопсалауға жол бермеу, әріптестер тарапынан мұндай әрекеттерге жол бермеуге күш салу. Әрбір мұғалімді осы шешіммен қол қою арқылы таныстыру.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хаттамасын мектептің ресми сайтына орналастыру.

Төрайымы: Зайдильдинова Айсұлу Жумашевна

Хатшы: Рахимберлина Алма Аманжоловна